

ҒТАХР 14.25.09

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАСЫН GOOGLE FORMS ЖӘНЕ GOOGLE SITES БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Л.М. Әділбекова, Ж. Ерахметқызы*

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
[lazzat.m.adilbekova@gmail.com](mailto:lazzat.m.adilbekova@gmail.com), [erakhmedkyzy14.08@gmail.com](mailto:erakhmedkyzy14.08@gmail.com)

Мақалада, балалар поэзиясының көрнекті өкілі, Тұманбай Молдағалиевтің «Кім болам?» шығармасын жаңартылған білім беру мазмұны аясында гибридті немесе аралас оқытудың артықшылықтары айтылған. Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдістемесі жайында сөз қозғалып, қазіргі жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқытудың тиімділігі қарастырылған. Қазақ әдебиеті пәнін (оқыту тілі қазақ тілі емес) мектепте оқытуда Google Forms және Google Sites бағдарламалық қосымшаларын қолдана отырып оқытудың қолайлылығы, "сатылай кешенді талдау технологиясы", тілді меңгеру психологиясы тұрғысынан анықталатын төрт жалпы бағыт төңірегінде сөз қозғалады. Гибридті немесе аралас оқудың артықшылығы мен мүмкіншіліктері, оқуды жеке тұлғаға бағыттаудың он тәсілі, коммуникативтік оқыту ұстанымдары, қазіргі таңдағы Z ұрпағы болып саналатын, ақпараттар легі саналарын көмкерген жас буынның ұлттық құндылықпен сусындатудың тәсілдері жан-жақты қарастырылған. Төл әдебиеті мен мәдениетінің асыл тұлғасы Тұманбай ақынның жауһар жырларын оқытуда қолданатын заманауи әдіс-тәсілдердің тиімділігін көрсете отырып, молынан ақпарат береміз.

*Түйін сөздер:* Т.Молдағалиев, Z ұрпақ, Google Forms, Google Sites, педагогика, тәрбие, балалар әдебиеті, поэзия.

### Кіріспе

«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы

Қиыннан қиыстарар ер данасы» [1; 50] - деп өлеңін көріктеген сәтінде Абай Құнанбайұлы поэзия ұғымына өзекті жанның қуанышы мен өкінішін өрнек етер құбылыс деп қарамай, «сөздің патшасы» деп теңдессіз баға берген. «Өлең» және «адам» ат үзеңгісіндей теңесіп, жалған дүниенің таразысында тең түсіп жатқаны анық. Қай кезеңде болмасын өлеңді адамнан, адамды өлеңнен бөліп жарып қарау мүмкін емес, өйткені өлең - қасиетті өнер. Қара өлеңнің құдіреті соншалық, ол ұлтпен бірге жасап, ұлтпен бірге дамиды. Қара өлеңді тудыратын бір ғана ақын яки жырау болғанымен, оны дамытып, өміршең ететін бүтін бір ұлт. Қараша халық поэзияның бұлағынан сусындап, бастауынан жігер алды. Ұлылар ұлық еткен поэзияның бүгінгі қадір-қасиеті жайында Мұхаммеджан Қаратаев «Поэзия құнын түсірмеудің бірінші амалы сұрқай өлеңдерге, формалистік шатпақтарға жол бермеу. Ал, поэзияның шынайы жаңашылдықтарына жетудің бірден-бір сара жолы - көп көру, көп оқу, көп үйрену, батыл іздену, табанды еңбектену» [2; 172]. Поэзия құнын түсірмеудің басты алғы шарты оқырманға арналған шығармалар жиынтығының қайсы бірі болмасын електен өтуі қажет. Ал, балаларға арналған дүниеге деген талап пен тәртіп қатаң сақталған жағдайда ғана жеңіске жетеміз.

Өткен ғасырдың екінші он жылдығында А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» [3] еңбегінде «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. Ақылға 2. Қиялға 3. Көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу. Яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеп суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [3; 10]. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ әдебиетінің әдістемесі үшін ең құнды еңбектердің бірі. Өйткені күні бүгін ТКО (түсіну - көру - орындау) әдістемесі А.Байтұрсынов айтқан тұжырымға сай түзілген үдеріс. Қазіргі білім беру ошақтарында ТКО әдісін жиі қолданады. Өйткені сабақтың негізі ТКО әдісіне бейімделген. Берілген тақырыпты түсініп, ақпаратты көзбен көріп, естіген, көрген мәліметтерін түсінгеніне сай орындау. Түсінгенін тіл көркемдігімен өз орнына қолданып, ойын ойлаған қалпында көркем жеткізетін адамдар тым аз. Ойды

тірілту, адамның көңіліне жол табу шеберлік пен шешендікті, ділмәрлікті талап етеді. Ақыл мен тілдің бір арнадан ұштасқан жемісі - поэзия.

Балалар поэзиясы – бүгінгі ұлттық әдебиетімізде көркемдік–шығармашылық және тағлымдық–тәрбиелік мақсаттарды өзара ұштастыра дамып келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылып отырған әдебиеттің бір саласы.

Балалар әдебиеті - балаларға арналған әдеби туындылар жиынтығы. Балаларға арналған шығармалардың, яки туындылардың қай-қайсысында көркемдік және педагогикалық талаптардың етене байланыста көрінуі - балалар әдебиетіне қажетті негізгі қажеттілік.

Жазып отырған мақаламызда, балалар поэзиясын айшықтайтын көркемдік мәселелер балалардың жас ерекшелігіне сәйкес олардың ой-санасында, таным-түсінігенде, көзқарасында болатын психикалық өзгерістермен және сол өзгерістерден туындайтын педагогикалық–тәрбиелеушілік әсер ету жолдарымен сабақтастықта кеңінен қарастырылады. Ғалым, Аманжол Әлтаев: «Ғылымилық ұстаным балалар қаламгерінен бірнеше мәселелерді ескертуді талап етеді. Олар: 1.Балалар поэзиясының өзіндік ерекшелігі; 2.Балалардың психикалық–педагогикалық ерекшеліктері; 3.Балаларға ұсынылатын дерек-мәліметтердің ғылыми нақтылығы» [4; 23] Сондықтан да балалар әдебиетінің оның ішінде балалар поэзиясының мектеп қабырғасында қандай ақындардың шығармашылығы оқытылып жатыр және ол шығармаларды қалай оқытылу қажеттілігі - бүгінгі уақыттың дағдысы.

Бала талғамын бағдар етіп, оқырманының психикалық–педагогикалық ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдағы болып жатқан уақиғаларды ақыл таразысына тартып, көкірек көзінен өткізіп, сүбелі сөзін, маржандай ойын жіпке тізіп балаң оқырманға қалам сілтеген ақын немесе жазушы еңбегі жемісті болары сөзсіз-ді. Бұл, әрине, біздің ой тұжырымымыз. Ал, академик С.Қирабаевтың: «Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдық, характерлер мен уақиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет. Бала ойы мен ұғымы абстракциядан гөрі нақтылықты сүйеді. Сезіміне әсер ете білу арқылы оны адамды сүйуге, гуманистік әрекеттерге тәрбиелеуге болады. Жазушы тілі де бала ұғымына лайық, түсінікті, таза болуға тиіс» [5; 74], - деген ғалым тұжырымынан балалар әдебиетінің көркем әдебиеттің бір саласы болып табылатыны, сол себепті оның бойында болуға тиіс басты сипаты оның тілінің көркемдігі, ойының тереңдігі басты талап екендігін аңғардық.

Әдебиеттің түп бастауы болатын, балалар әдебиетін құрайтын балалар поэзиясына қойылатын негізгі талап - поэзияның көркемдігі. Поэзияның көркемдік талабы тақырып таңдаудан басталмайды, сол поэзиялық туынды ақын санасына қалыптасқан сәттен бастау алады. Поэзиялық шығармада бейнеленетін көркемдік шындық пен көркемдік шешім бала қиялымен астасып жатуы шарт. Балалар поэзиясының ең басты міндеті де жас ұрпақты көркемдік шындық негізінде өмірлік шындықтың алуан қырымен таныстыру болып табылады. Балаларға арналған шығармаларда өмірлік құбылыстар қызғылықты да түсінікті бейнеленіп, жас оқырманның сезімі мен ақыл-ойына қозғау салуы, баяндау, яки бейнелеу үлгісі мейлінше әсерлі болуы тиіс.

Балалар поэзиясының бар асылын, мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушыларға аманаттап жеткізу, баба мұрасын жас ұрпаққа аманаттау - бүгінгі жас ұрпаққа дәріс оқитын, ұстаз атты қасиетті есім иегерлерінің қайсы бірінің болмасын басты мүддесі болмақ.

Әрине, біз сөз қылып отырған қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оның өзінің тарихи даму жолы бар. Қазақ халқының тарихында өз ана тілінде (қазақ тілінде) оқыту және оқытудың әдістемесіне көп көңіл бөліп, ғылым ретінде негіздеген тұлға - Ы.Алтынсарин. Ұлы ұстаз қазақ балаларына білім берер әр ұстазға қазақ балаларына өз ана тілін тиімді оқытудың жолын, принциптерін, қағидасын, маңызын, жолдарын көрсетіп, әдістеме ғылымының негізін салды, артына мол мұра қалдырды. Ы.Алтынсариннен бастау алған қазақ әдебиетінің әдістемесі А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Жиенбаев, Ж. Аймауытов, Т.Шонанов, Қ. Жұбанов т.б. көрнекті ғалымдарымыздың ғылыми – әдістемелік тұжырымдарымен іргесі қаланып, белі бекіп, еңсе тіктеді.

Күні бүгін қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі - керегесі кең, тамыры тереңге бойлаған ғылым саласы. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми пән екені анық. Қазақ әдебиеті пәнінің мектептік пәндер жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ әдебиеті пәнін мектепте оқытудың мақсат-міндеттерін, әдеби білім мазмұнын оны анықтайтын ұстанымдар мен өмір талабына сай оқыту әдістемесін жетілдірудің теориялық-методологиялық негіздері де бар. Демек, әдебиетті оқытуға деген

талап пен тәртіп тым қатал. Өйткені әдебиет қай ұлттың, ұлыстың болмасын – жүрегі. Мәдениеті мен тарихы, тілі мен дәстүрі көрініс табатын – айнасы. Дәл осы әдебиеттің қаны мен жаны, бары мен бағы – балалар әдебиеті. Әдебиеттің асылын арқаланған балалар әдебиетінің қазіргі таңда мектеп қабырғасында қалай оқытылып жатқандығы жайында көп сөз қозғай бермейміз.

Оның өз себебі де жоқ емес. Әдебиеттің оқыту әдістемесі жайында сөз қозғау үшін, сол әдебиеттің мектеп қабырғасында қаншалықты деңгейде оқытылып жатқандығы жайында толық ақпарымыз болуы шарт. Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ әдебиетінің оқытылу деңгейі, әдіс-тәсілі тіптен өзгеше. Өзге тілді аудиторияда қазақ әдебиетін оқытатын мұғалімнің тілінің көркемдігі мен біліктілік, аудармашылық қарымы да бойынан табыла білер ұстаз болып, бала жанына, ішкі әлеміне жол аша білгені жөн. Балалар әдебиетінің дамуымен атадан балаға мұра болып, көркем әдебиеттің аманатын жетек еткен, қазақ әдебиетінің нәзік қылы болған поэзия жанрының оқытылуы - бүгінгі таңның өзекті жағдаяттарының бірі. Балалар поэзиясын бала мектеп табалдырығын аттамас бұрын, тіптен ана жатырына алғаш түскен сәтінен бастап ана әлдиі арқылы танысуы шарт. Бұл жатырда жатқан шарананың дұрыс дамуына, елін сүйер азамат болуына ықпал етеді деп ойлаймыз.

Балалар поэзиясын оқытудың ерекшеліктерін бастауыш сыныптардан бастау қажеттігі жайында ағылшын ғалымы Т.Конканнонның «Бірінші сынып оқушыларын поэзияға батыру: зерделеуге жанрлық көзқарас» [6; 2] атты мақаласында: «Поэзия - бұл көптеген балалар өлеңдері, джинглер мен әндер (Manning, 2003) арқылы ұшырайтын алғашқы жанрлардың бірі және балалардың өздері "табиғи ақындар" деп саналады (Tompkins, 1998, p. 414), өйткені поэзия ерте жылдарда ойында жиі қолданылады. Поэзияны қайта оқу (Part & Campbell, 2006) арқылы оқудың жүгіруін дамытып, өзінің сипаттамалық табиғатына байланысты сөздік қорының дамуына ықпал ете алады. Бұл - сондай-ақ, студенттің түсіну қабілетін дамытатын терең ойлауды ынталандыруы мүмкін (Routman, 2000). Баспа шарттылықтарына қатысты дағдыларды дамыту өте басқарылатын контексте де дамуы мүмкін, өйткені оның табиғаты бойынша өлеңдер, әдетте, прозадан әлдеқайда қысқа (Campbell, 2001). Осылайша, поэзия маңызды контексте сауаттылық пен стратегияны дамыту үшін көптеген мүмкіндіктерді ұсынады деп бағандай келе, автор поэзияның ең көне жанрлардың бірі ретінде адам баласының тарихымен тарихы бір, балалар тумасынан шын ақындар, олар өлеңді өздері жанынан шығарып, өлең арқылы өз қуаныштарымен, ішкі эмоцияларымен бар болмысымен өз тыңдарманына, ата-анасына, туыстарына, өз сыныптастарына жеткізеді. Поэзия жанры балабақша, мектеп қабырғаларында тиімді және балаларға қызықты заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқытылар болса бала санасы жедел дамып, олардың дамуына, армандауларына ықпал етеді.

Қазақ тілінен (екінші тіл ретінде) жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім берудің орны ерекше. Оқу процесінің басты нысаны – оқушы. Оқушы білім мазмұнын ғана емес, білім алу әдістерін, оқу әрекеттерін меңгереді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жаңартылған білім беру мазмұны коммуникативтік оқыту ұстанымдары мен тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларына негізделген деңгейлік оқыту, оқу мақсаттарының спиральді қағидасы, оқушының коммуникативтік әрекетінің басымдылығы, ізденімділік-зерттеу әрекеті, шығармашылық әрекетінен құралған. Шығармашылық қабілеті қарқынды дамыған оқушыларды ескі қолданысты, жаттанды дәстүрлі әдіспен оқыту мүмкін емес. Оқушылардың қоршаған ортасы, ақпарат легіне толы. Қолжетімді ақпараттың шексіздігі, бала санасына шамадан тыс күш салады. Қазіргі ақпараттық кеңістік әлемінде жас буын өздерін Z (соңғы) ұрпақ деп таныстырады. Олар заманауи техника тілін тез меңгеретін, белсенді, ақпарат ағынын жедел әрі нақты қабылдай білетін ұрпақ. Олардың артықшылықтарын ескере отырып, оқытудың маңыздылығы жайында International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE) журналының Bambang Hariadi, M.J. Dewiyani S., Pantjawati Sudarmaningtyas ғалымдардың бірлесе жазған «Z ұрпағы үшін веб-оқыту қосымшасын әзірлеу» [7; 60] мақаласы бар. Мақалада «Z ұрпағының сипаттамалары (1) технологияларға ыңғайлы және өте тәуелді болып табылады, бұл Z ұрпағы технологиялар ортасында өсті, (2) түрлі онлайн өнімдер мен күрделі технологиялық жабдықпен көп қажеттілік, сондай-ақ қарапайымдылықты және интерактивті дизайнды бағалайды, (3) онлайн қолжетімді болуы мүмкін ақпарат санымен неғұрлым жоғары әлеуметтік жауапкершілік бар, (4) әрқашан қосылады, әлеуметтік желілер, кросс-кантри және мәдениет арқылы қарым-қатынас жасайды, олар олардың ойлауына және шешімдер қабылдау процесіне жанама әсер» деп, «Z ұрпағының» төрт сипаттамасына тоқталған. Z ұрпағының төрт сипаттамасына келер болсақ, ең алдымен бүгінгі буынның ыңғайлы және жоғары технологияға тәуелділігі, өйткені олар көзін аша ең алғаш танитыны - технология. Екіншісі, әртүрлі онлайн

өнімдері мен күрделі технологиялық жабдықтарды телефон немесе компьютер арқылы еркін жүктей алулары. Ал, үшінші - интернет арқылы қол жеткізуге болатын ақпарат көлемі мен оған деген жауапкершілік пен сұраныстың жоғарылығы. Ең соңғысы - әлеуметтік желілер, оның таным мәдениетіне жанама әсер етуі. Жоғарыда айтылған төрт сипаттаманың заңдылығына сүйеніп, жаңа заманның балаларын қазақ тілі мен әдебиет сабағында жаңа технологияларды қолдана отырып оқыту - жауапты іс.

Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін түсіндіру, машыққан әдіс-тәсілді талап етеді. Осы орайда Қ.Қадашева, У.Ассанова, С.Омарова, Р.Айкенова, З.Жұматаева «Қазақ тілін жақын тіл ретінде оқытудың өзекті мәселелері» [8; 261] атты мақаласымен танысып шықтық. Біз бұған дейін Қ.Қадашқызының еңбектерімен таныс болатынбыз. Қ.Қадашқызының бастамасымен әзірленген "Қазақ тілі" оқулығы әдістемелік ғылымда ерекше орын алады. Ғалымның оқулығы төрт бөлікке бөлінген. Оқулықтың мазмұнына келер болсақ, оқулықпен таныса отырып, мұғалімдерге ерекше қажетті мағлұматтармен танысуға болады. Оқулық бойынша компакт-дискіге салынып, қосымша электронды материалдар жасалған. Ал, біз танысып отырған мақалада «Бұл жұмыс контрастивті және салыстырмалы әдістерді қамтиды. Негізгі мазмұн тұрғысынан бұл әдістер ана тілінің құбылыстарымен тіл жүйесінің туыстық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде оқытудың өзара әрекеттесуімен және оқылатын тілді толық түсінуден анықталады. Салыстырмалы әдіс принципі ана тілі мен аударма тілінің тілдік құбылыстарын салыстыру арқылы, тиісті материалды түсіндіру арқылы толық түсінуден тұрады. Контрастивті және салыстырмалы әдістер көптілді тұлғаны қалыптастыруға, лингвомәдени, әлеуметтік-мәдени және когнитивті құзыреттілікті дамытуға бағытталған. Оқуға мәдениаралық көзқарас екі немесе одан да көп мәдениетті салыстыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілдік мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеу олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін түсіну арқылы жүргізіледі. Осы зерттеуде прагматикалық тәсілді және сөйлеу актілерінің теориясын пайдалануға байланысты мақсатты тіл және оның коммуникативтік қызметі арқылы коммуникация механизмдеріне қызығушылық артады. Көптілділік жағдайында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін прагматикалық тәсілді пайдалану материалды жақсы меңгеруге ықпал етеді және тілді үйренуге оң уәждемені қамтамасыз етеді» - деп жазылған мақаланың мазмұнымен толықтай келісеміз. Өзге ұлт аудиториясында әдебиетті оқыту, мәтінмен жұмыс, мәтінді саралау, мәтінді талдау, мәтін мазмұнын баяндау сынды түрлі тапсырмаларды орындау арқылы нәтижеге қол жеткіземіз. Бірақ, бізге ең қажеті оқушының сөздік қорын арттыру, ішкі және сыртқы уәждемеге бейімдеу.

Біз жоғарыда тізбектелген ақпараттармен таныса келе, өз еңбегімізді өңдеп жетілдіре түстік. Қазақ әдебиетін өзге тілді аудиторияда оқытуда басты нысана етіп алған тұлғамыз сыршыл ақын - Тұманбай Молдағалиев. Тұманбай ақынның тұмса жырларының табиғаты өзгеше. Алғашқы жырлары студенттік күндерінің жемісі болып, 1957 жылы «Студент дәптері» [9] деген атпен жарыққа шыққан. Одан кейінгі жылдарда елуге жуық кітабы басылып шыққан, теңіз тереңіндегі маржан сынды өз оқырманына таңданыс пен шабыт, қуаныш пен бақыт тарту еткен тұмса жырдың тәжін киген ақын Тұманбай Молдағалиев туралы құнды пікір айтқан зерттеуші-ғалым - Еркеғали Рахмадиев. «Ол бүгінгі Мұқағалидың ақберен асыл қаламынан тасты бұзып тауды жарғандай жойқын қуат алып, әдебиетіміздің барша құдіретін танытар асау арнаға айналды. Тұманбай сондай жаңа ұрпақтың төлбасы болды. Қазақ лирикасының сарыауыз балапандай балғын кезінен азуы алты қарыс самұрыққа айналғанына дейін ұлы шерудің алдын бермей ылғи көш басында жүрді» [10; 11] деп, аса жоғары баға берген. Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептің 6 - сыныптарында Тұманбай Молдағалиевтің «Кім болам?» [11; 91] деген өлеңінен үзінді берілген. Осы өлеңін заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың үлгілік нұсқаларын жасап, сабақ барысында қолдандық.

Кез келген ІТ технологияның өзегі болып отырған Google бағдарламасымен жұмыс жасау, оның тілін меңгеру бағдарламаның ұшан теңіз мүмкіндіктерін қолдана білу - мұғалім шеберлігінің бір қыры. Біз өзіміз оқытып отырған тақырып аясында білім алушыны біліммен қамтамасыз ету үшін етілер еңбек, төгілер тер көп. Біз Google Sites және Google Forms бағдарламаларын қолдандық. Біз сынақнамаға алып, оқытқан аудитория қазақ тілінде оқытылмайтын мектептің 6 - сыныбы.

Біз сыныпта мұғалімдер орындайтын жұмыстар мен тапсырма түрлерін Google Sites және Google Forms бағдарламаларына енгіздік. Google Sites және Google Forms бағдарламаларын қолдану мұғалімдерге немесе оқушыларға сыныптан тыс қосымша ретінде немесе сыныпта танысқан ақпаратты бекітуге немесе кері байланыс жасауда пайдасы мол. Бұл - дәстүрлі оқыту мен онлайн оқыту арасында тамаша үйлесімділік тапқан оқыту әлеміндегі жаңа сала. Бұл жасаған жұмысымыз



оқушыларға сынып ішінде де, одан тыс жерлерде де өз қабілеттерін жетілдіре түсуіне мүмкіндік береді. Білім беру саласында басымдыққа ие болып отырған жаңа бағыт - интернетті араластыра оқыту немесе «гибридті оқыту» бағыты. Google Sites бағдарламасына берілген күнтізбелік жоспарға сай Тұманбай Молдағалиевтің «Кім болам?» өлеңін енгізіп, оқушылардың есте сақтау қабілеттерін, қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып аудио-визуалды жазба нұсқасын бірге жүктедік. Өзге тілді аудитория ерекшелігі ескеріліп, оқушыларға жаңа сөздерді суретті карточкаларға қазақша-орысша түсіндірмелі аудармасымен бердік. Бұл оқушының сабақтан тыс уақытта жаңа сөздердің жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықтарды аңғаруы мен есте сақтауына мүмкіндік жасайды.

Гибридті немесе аралас оқудың артықшылығы мен мүмкіншілігі жайында шетелдік зерттеуші – ғалымдар Энтони Г. Пиччиано, Чарльз Д. Дзюбан и Чарльз Р. Грэм «Blended learning: Research perspectives, Volume 2» (Смешанное обучение: перспективы исследований, Том 2) [12] деген мақаласы бар. Бұл оқу түрі соңғы 10 жылда қарқынды зерттеліп, дамып жатыр. Әсіресе, білім алушылар арасында (оқушы, студент, магистрант немесе докторант) кеңінен қанат жайып келеді. Гибридті оқыту мұғалімдер мен оқушылар үшін ұялы телефондарына немесе планшеттеріне Google Sites және Google Forms қосымшаларын жүктеуді қажет етеді. Нақтырақ айтар болсақ, Google Disk, Google Table, Gmail және т.б. сияқты оқушылар арасында танымалдыққа ие қосымшаларын пайдалану ұтымды болып саналады.

Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалімнің басты қызметі – инновациялық бағыттылығында. Өйткені, оқушының оқуға деген қабілеттілігін арттыратын танымдық дамуын ояту мен оны жетілдіру ұстазға тікелей байланысты. Ақпараттық технологиялар, әсіресе, оқушы мен мұғалім арасындағы өзара ынтымақтастықтың артуына себепші болады. Өйткені, өз заманының мүмкіндігін пайдаланып, бала дамуына әсер ететін заманауи ұстаздан білім алу білім сапасының артуына тікелей байланысты. Google ұсынатын функциялардың артықшылықтары: кеңістік пен уақытты шектеусіз пайдалана отырып жұмыс жасауы, тапсырмаларды орындау, тапсырма реттілігін сақтаудың жеңілдігі. Google ұсынатын Gmail, Google Drive, Google Hangout, Google Groups, Google Sites т.б. қосымшалары оқушылардың ақпаратты шектеусіз алуына, ізденуіне ықпал етеді. «Жаңа педагогика» тәсілдемесінің аясында оқушылар электронды почтаны еркін қолданады. Сондықтан да, сабақ барысындағы тест тапсырмаларын орындау да, қосымша сауал туындағанда почта арқылы хат жолдап кері байланыс орнатуға да мүмкіндік мол. Бұл баланың таным сипаттамасының артуына, жеке өзі тапсырмаларды орындай отырып, оқу және проблемаларды шешу қабілеттілігі артуына ықпал етеді. Сандық кеңістіктің ықпалымен оқушының оқуға деген құлшынысын еселеуге болады.

Жаңартылған білім мазмұнына сай оқыту тілі қазақ тілі емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті кіріктіріліп «Қазақ тілі мен әдебиеті» болып бір ғана пән ретінде оқытылып отыр. 1. «Қазақ тілі» пәні CEFR: B1 деңгейі (6 сынып). Тақырып аясы: «Әлеуметтік-мәдени», «Әлеуметтік-тұрмыстық», «Оқу-еңбек». Сөйлесім әрекеттері: Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім. Лексикалық минимум. Грамматикалық минимум 2. «Қазақ әдебиеті» пәні. Көркем әдеби шығармалардан, өлеңдерден үзінді, ауыз әдебиеті үлгілері т.б.

Біз «Қазақ тілі» пәні (оқыту тілі қазақ тілі емес мектептерде) бойынша оқу бағдарламаларының ерекшелігіне сүйене отырып, Google Sites бағдарламасына өтілетін сабақтың электронды сайт нұсқасын жасадық. Осы арқылы оқушы өтілетін сабақты толықтай онлайн арқылы танысып, қашықтықтан меңгеруіне, кеңінен ақпарат алуына мол мүмкіндік беретін жүйе қалыптастырдық [13]. Сабаққа жаңадан кіруде оқушы кіріс сауалнамасын жасайды. Сауалнамалардың барлығы өтілетін тақырыпқа дайындық, миға шабуыл әдісі арқылы орындалады. Ал, сабақ толықтай аяқталуға бір немесе бірнеше минут қалғанда шығыс сауалнамаларын жасайды. Осы арқылы сабақтың өту барысына, алған білімінің мазмұндық құрылымына қатысты ашық сұрақтарға жазбаша жауап береді. Осы арқылы ой сауаттылығы мен жазу сауаттылығына да назар аударуға, өз ойын жазбаша жеткізудегі баланың тілдік қорының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кіріс сауалнамасынан соң оқушы бүгінгі өтілетін тақырыптың атауын өзі тауып, жаңа тақырыппен, ақын, Тұманбай Молдағалиев өмірімен, шығырмашылығымен танысады. Ақын өлеңін видео арқылы көріп, ақынның өз дауысын тыңдайды. Тыңдалым әрекеті барасында оқушы өлеңнің не жайында екенін болжайды, назарын шоғырландырып тыңдайды, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну үшін «сөздер сөйлейді» тақтайшасынан ақпарат алады, көркем шығармаларды тыңдап, негізгі ойды анықтайды, тыңдалым материалдары бойынша 8-тапсырмада берілген ашық сұрақтарға жазбаша жауап береді. Мұның барлығын оқушылар тыңдалым, оқылым әрекетін жүзеге асырып

барып, жазылым әрекетіне көшкенде орындалады. Оқушылардың базалық дағдыларына сүйене отырып, жазу және оқу дағдысын негізге аламыз. Берілген тапсырмаларға жауап жазу үшін білім алушыда өтілген тақырып аясында қалыптасқан ілім болуы шарт. Оқушы берілген сұрақтың жауаптарын почталарына жіберілген конспектіден немесе онлайн ұсынылған мәтіндегі ақпаратқа сүйене отырып жазады. Біз мұнда бірінші тілді коммуникативтік тәсіл тұрғысынан оқыту әдісін қолданамыз. Бұл әдіс жайында ғалым Ж.Керімнің «Шет тілін оқытудағы әдістемелер мен коммуникативтік бағыт» [14; 77] атты мақаласы бар. Мақалада М.В.Ляховицкийдің тілді оқыту әдістемесінде оқыту бағытының бірыңғай топтастырылуы мен түрлі әдістері жайында сөз қозғалған. Олар: тікелей, саналы, құрама, интенсивті. Бізге қолайлысы тікелей және құрама. «Тілді оқыту әдістемесінде оқыту бағытының бірыңғай топтастырылуы жоқ, осылайша, М.В.Ляховицкий (1981) тілді меңгеру психологиясы тұрғысынан анықталатын төрт жалпы бағытты атайды:

1. бихевиористік – көрсетілетін ынталылықтарға жауап ретінде сөйлеу дағдылы әрекеттерінің пайда болу жолымен тілді меңгеру; 2. индуктивті - саналы - тілдік ережелер мен оларды сөйлеуде қолдану тәсілдерін меңгеруге алып келетін сөйлеу үлгілерін бақылау нәтижесінде тілді меңгеру; 3. танымдық (когнитивті) – ережелер мен нұсқаулықтар күйіндегі білімнен меңгерілген білім негізіндегі сөйлеу дағдылары мен ептілікке дейін деген реттілікте тілді саналы түрде меңгеру; 4. интеграцияланған – білім және сөйлеу дағдылары мен ептіліктерінің параллельді меңгерілуінен көрініс табатын оқыту үдерісінде саналы және саналы емес бөлшектердің сабақ барысындағы органикалық бірігуі» [14; 77].

Осылардың ішінде интеграцияланған білімді күзиреттілік ретінде оқушылар сыни ойлау/проблемаларды шешу әдістерінде қолданса жемісті болады. Біз өтілген тақырыпты толық меңгерту мақсатында ғалым Н.А.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау технологиясын» қолдандық. Технологияны таңдап алуымыздың сыры тым тереңде. Бұл технология қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің төл технологиясы. Жаңа технология авторы Н.А.Оразақынова «Сатылай кешенді талдау – ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, оның білім көкжиегінде кең таралуына ықпал етіп, күнделікті өмірде қолдану аясын жақсартуға бағыттайтын оқыту. Сатылай кешенді талдау – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық – психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі» [15; 15]. Бұл технологияны мектептің бастауыш сыныптарынан бастап жоғарғы сыныптарына дейін қазақ тілі сабағында (поэзия немесе прозаны) өткенде, мәтін талдау барысында қолдануға болады. Біз таңдап алған 11 сатылық талдау жүйесі 6-сыныптардың білім деңгейіне сәйкес келеді. Жоғарыда айтылған төл технологиямыздың талаптарына сай 11 сауалды сабақ барысында Google Sites қосымшасына еңгіп, оқушыларға ұсындық. Олар төмендегі сауалдардан құралған:

**1. Шығарманың немесе өлеңнің авторы жайында қысқаша ақпарат.**

Қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы бар сыршыл ақын Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсы ауылында дүниеге келген. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы 1957 жылы «Студент дәптері» деген атпен жарыққа шыққан. Одан кейінгі жылдарда қырықтан астам кітабы басылып шықты. 1982 жылы «Жүректегі жазулар» кітабы үшін Республика комсомолы сыйлығының лауреаты атанған.

**2. Өлеңнің атауы.** Өлеңнің тақырыбы – «Кім болам?». Балаларды мамандық түрлерімен таныстыру.

**3. Жанр түрі.** Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

**4. Идеясы** – автор тақырып арқылы балаларға әрбір мамандық иесінің атқарар қызметін, мамандықтың маңызын бала санасына сіңіру.

**5. Өлеңдегі шумақ саны.** Шумақ – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең үзіндісі 6 шумақтан тұрады.

**6. Өлеңдегі тармақ саны.** Тармақ – өлеңнің әр жолы, бұл өлең – 24 тармақтан тұрады.

**7. Өлеңдегі бунақ саны.** Бунақ өлеңнің белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Аталған өлең 3 бунақты өлең.

**8. Өлеңдегі буын саны.** Өлең 7 – 8 буынды. Өлеңдегі буынның саны – сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санымен байланысты.

**9. Өлеңдегі ұйқас түрі.** Қара өлең ұйқасы (а, а, б, а)

**10. Әдеби теориялық ұғымдар.** Эпитет (айқындау) – заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын, белгісін білдіретін суретті сөз.

**11. Өлең жайында оқушының өз ойы (жазылым, айтылым әрекеті).** Бұл өлең арқылы әр бала мамандық түрлерімен танысып, мамандықтың адамзат баласы үшін маңызды екендігіне көзі жетеді. Өлең тілінің қарапайымдылығы соншалық бала тіліне жатық, санасына сіңімді. Диалог арқылы баяндалатын өлең оқырманының ішкі монологы іспетті көрінді. Оқушылар өздері танысқан өлеңнің құрылымдық мазмұнына, көркемдік және мазмұндық ерекшелігіне орай құрастырылған сегіз тест тапсырмасын орындайды [16]. Бір кереметі тест тапсырған оқушы тест жауабының дұрыс не бұрыс екендігін тестті аяқтаған сәтінде біле алады. Бұл автоматталған жүйе мұғалімнің тестті тексеруге кететін уақытын үнемдеуіне мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалімге білім алушының қайта даярлықты қажет ететін осал тұстарын айқындауға септігін тигізеді. Оқушының өзі тарапынан кеткен қателіктері, жауап барысындағы бұрыс жауаптары мен қажет етілген дұрыс жауаптар балама нұсқада тест соңында көрінеді. Оқушы қатемен жұмыс айдарына үңіле отырып, өз қатесін түзеуіне, олқы кеткен білім орынын толтыруына мүмкіндік алады. Оқушының тестті қайта жасауы, алған білімін қайта бекітуі мұғалімнің Gmail почтасына ақпараттық хат болып барады. Ал мұғалім өзі оқушыға кері байланыс ретінде ақыл-кеңесін, қосымша ақпарат ұсына алады. Кері байланыс оқушының gmail.com почтасына жолданады. Бұл жолданған хаттар жайлы білім алушының ата-анасына да қосымша ақпарат ретінде, баласының білім деңгейі, сабақ барысындағы үлгеріміне қатысты хабарлама жолданып отырылады. Бұл мұғалім – оқушы – ата-ана үш тараптың бірлесе нақты нәтежеге бағытталған жұмысының жемістілігіне әкеледі. Сонымен бірге Google Sites және Google Forms бағдарламаларына енгізілген ақпараттарды kundelik.kz сайтына конспект ретінде тіркеп отырдық. Бұл арқылы оқушы онлайн арқылы ғана емес қажет жағдайда конспектін жүктеп, қағаз бетіне шығарып алып та таныса алады. Шынайылық пен жеделдікті, ұтқырлық пен ұтымдылықты бір арнаға тоғыстырған аралас білімнің оң нәтежесін көруге мүмкіндік алдық. Ақпарат пен білімнің қол жетімділігі, білімді жаңа жағдайлармен ойластыру және өтілер тақырыпқа қатысты қосымша ақпараттар легімен таныса отырып, оқушы ұқсастық бойынша пайымдауға үйренеді. Әр түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, алған білімін дамыту, ізденімпаздылық қабілетін ұштау бала бойындағы рәсімділік жадының жұмысының жақсаруына, баланың есте сақтау қабілетінің артуына ықпал етеді.

Егемен еліміздің ертеңі – білім мен ғылымға жаны құмар, әдебиет пен мәдениетті, рухани құндылықты бойына тұмар еткен жас ұрпақ. Жұдырықтай жүрегі азат елінің, алып мемлекетке айналуы үшін күресер, кемел болашақ иелері - балалар. Білім беру саласында озық технологияларды қолдана отырып, жас ұрпаққа сапалы білім берсек, өз заманымыздан озар мемлекет боларымыз анық. Келер күнге нық сенім қазығы – білім мен ғылымнан бастау алады. Біздің тұжырымымыз: «Ғылымы қарыштап дамыған елдің болашағы айқын, анық бола түседі».

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құнанбаев А. (1976) Өлеңдер. Шығармалар. Алматы: Жазушы. - 240 б.
2. Қаратаев М. (1974) Шығармалар жинағы. 3- том. Алматы: Жазушы. - 368 б.
3. Байтұрсынов А. (2003) Әдебиет танытқыш. Зерттеулері мен өлеңдері. Алматы: Атамұра. - 208 б.
4. Әлтай А.Д. (2009) Қазақ балалар поэзиясы: генеалогиясы, типологиясы, поэтикалық дамуы: Монография. Астана: «Фолиант». - 384 бет
5. Қирабаев С. (1971) Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Жазушы. - 274 б.
6. Concannon-Gibney T. (2019) Immersing First Graders in Poetry: A Genre Study Approach. *Reading Teacher*, 72(4), 431–443. <https://doi.org/10.1002/trtr.1728>
7. Hariadi B., Dewiyani Sunarto M.J., Sudarmaningtyas P. (2016) Development of Web-Based Learning Application for Generation Z. *International Journal of Evaluation and Research in Education*. 5(1):60–8.
8. Kadasheva K., Assanova U., Omarova S., Aikenova R., Zhumatayeva Z. (2017) Actual problems of teaching Kazakh language as a closely related language. *Astra Salvensis*. No.10. P. 261–271.
9. Молдағалиев Т. (1957) «Студент дәптері» өлеңдер жинағы. Алматы: Жазушы. - 58 б.
10. Тұманбай Молдағалиев (2011) . «Егемен Қазақстан» газеті, 11 қазан. <https://egemen.kz/article/15612-tumanbay-moldaghaliev>
11. Косымова Г., Сатбекова А., Берденова К., Рахимжанов К. (2018) Қазақ тілі мен әдебиеті. Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк. с рус. яз. обуч. Алматы: Мектеп. - 168 б.
12. Manninen J. (2014) 'Blended learning: Research perspectives, Volume 2', *International Review of Education / Internationale Zeitschrift für Erziehungswissenschaft*, 60(6), pp. 867–870. doi: 10.1007/s11159-014-9458-5

13. Google Sites бағдарламасы. Молдағалиев Т. «Кім болам?» өлеңі.  
<https://sites.google.com/d/1J6poR87BxJPMb2qwKwFoTFWpESNfiaRw/p/1y-XTvf2YWjkaAPkM-8SAOBAcTLFue68D/edit>
14. Керімова Ж. (2011) Шет тілін оқытудағы әдістемелер мен коммуникативтік бағыт. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4(57).
15. Оразахынова Н.А. (2007) Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. Алматы. - 287 б.
16. Google Forms бағдарламасы. Молдағалиев Т. «Кім болам?» өлеңі бойынша тест тапсырмалары.  
<https://forms.gle/yBpiHHWsE2dAg5Kq9>

### **Особенности изучения произведения Туманбая Молдағалиева в рамках обновленного содержания через программы Google Forms и Google Sites**

*Л.М. Адилбекова, Ж. Ерахметқызы*

Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан,  
lazzat.m.adilbekova@gmail.com, erakhmedkyzy14.08@gmail.com

В статье говорится о преимуществах гибридного, или смешанного обучения стихотворения видного представителя казахской детской поэзии Туманбая Молдағалиева «Кім болам?» в рамках обновленного образования. Сегодня методика обучения казахской литературе – широко востребованная и разветвленная научная отрасль. Обучение казахской литературе в классах с неказахским языком обучения удобно проводить с помощью приложений Google Forms и Google Sites, а также «технологии пошагового комплексного анализа». В статье описываются десять способов личностно-ориентированного обучения, принципы коммуникативного обучения для привития национальных ценностей молодому поколению Z. Показана эффективность использования современных методов в изучении произведений Т.Молдағалиева, выдающегося деятеля казахской литературы и культуры.

**Ключевые слова:** Т.Молдағалиев, поколение Z, Google Forms, Google Sites, педагогика, воспитание, детская литература, поэзия.

### **Features of teaching the works of Tumanbay Moldagaliev within the updated content through the programs Google Forms and Google Sites**

*L.M. Adilbekova, Zh. Yerahmetkyzy*

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan  
lazzat.m.adilbekova@gmail.com, erakhmedkyzy14.08@gmail.com

The article is about the features of hybrid or mixed teaching the poem “Kim Bolam?” by representative of children's poetry Tumanbai Moldagaliev as a part of renewed education. Today, the method of teaching Kazakh literature is a widely demanded and branched scientific area. It is convenient to teach Kazakh literature in the classes with a non-Kazakh language education using Google Forms and Google Sites applications, as well as the “step-by-step complex analysis technology”. The article describes ten ways to focus learning on individuals, the principles of communicative learning, instilling national values for the young generation Z, the effectiveness of modern methods used in teaching works of T. Moldagaliev, an outstanding figure in Kazakh literature and culture.

**Keywords:** T. Moldagaliev, generation Z, Google Forms, Google Sites, pedagogy, education, children's literature, poetry.

Редакцияға 02.05.2020 түсті.